

Алға ауданының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жүргізушілерінің лауазымдық айлықақыларына жергілікті бюджет қаражаты есебінен ынталандыру үстемеақыларын белгілеу тәртібі мен шарттарын айқындау туралы

Ақтөбе облысы Алға ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 23 желтоқсандағы № 356 қаулысы

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 5-тармағының 3) тармақшасына және Алға аудандық мәслихатының 2025 жылғы 18 желтоқсандағы № 356 шешіміне сәйкес, Алға ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жүргізушілерінің лауазымдық айлықақыларына жергілікті бюджет қаражаты есебінен ынталандыру үстемеақыларын белгілеу тәртібі мен шарттары, қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алға ауданының әкімі

А. Шуншалиев

Алға ауданы әкімдігінің
2025 жылғы "23" желтоқсандағы
№ 356 қаулысына қосымша

Алға ауданының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жүргізушілерінің лауазымдық айлықақыларына жергілікті бюджет қаражаты есебінен ынталандыру үстемеақыларын белгілеу тәртібі мен шарттары

I-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар (бұдан әрі – Ұйымдар) жүргізушілердің лауазымдық айлықақыларына жергілікті бюджет қаражаты есебінен ынталандырушы үстемеақыларды белгілеудің тәртібі мен шарттары (бұдан әрі – Тәртіп) "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 5-тармағы 3)-тармақшасының негізінде әзірленді

және жергілікті бюджеттен, оның ішінде аудандық бюджет, аудандық маңызы бар қала, ауыл және ауылдық округтер бюджеттері есебінен қаржыландырылатын ұйымдар жүргізушілердің лауазымдық айлықақыларына жергілікті бюджет қаражаты есебінен ынталандыру үстемеақыларын (бұдан әрі – ынталандыру үстемеақылары) белгілеу тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Ұйымдар жүргізушілерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын тиісті жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша жергілікті бюджет қаражаты есебінен белгіленеді.

II-тарау. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жүргізушілерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу тәртібі

3. Лауазымдық жалақыға ынталандырушы үстемеақыларын белгілеу дербес құрылымдық бөлімшелері басшыларының жазбаша ұсынысы негізінде ұйым басшысының не оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен жүргізіледі.

Жазбаша ұсынымды дербес құрылымдық бөлімшелер қызметкерінің тікелей басшысы мемлекеттік органның бірінші басшысына шығарады.

4. Ұсынымда қызметкердің тегі мен лауазымы, жәрдемақының негіздері мен мөлшері көрсетіледі.

5. Ұсынымды ұйым басшысы күнтізбелік 10 күннен аспайтын мерзімде қарайды.

6. Ұйымның басшысы ұсынымды қарау нәтижесінде лауазымдық жалақыға ынталандыру үстемеақысын белгілеуге келіседі немесе бас тарту себептерін негіздей отырып бас тартады.

III-тарау. Ынталандыру үстемеақыларын белгілеу шарттары

7. Ынталандыру үстемеақыларын жүргізушілерді ынталандыру мақсатында белгіленетін төлемдер болып табылады.

8. Ынталандыру үстемеақыларын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу, сондай-ақ мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге бонустар төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы № 1127 қаулысында көзделген материалдық көмектің және ынталандыру төлемдердің бұрыннан бар түрлеріне қосымша төлемдер болып табылады.

9. Ынталандыру үстемеақыларын белгілеу құқығын беретін қызметкердің қызметінің нәтижелерін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер:

- 1) орындаушылық және еңбек тәртібін сақтау;
- 2) белгілі бір кезеңдегі жұмыс нәтижелеріне қол жеткізу;

3) лауазымдық міндеттерді үлгілі және мінсіз орындау, аса маңызды және күрделі тапсырмаларды орындау және жұмыстағы басқа да жетістіктер;

4) ұйымдардың одан әрі қалыпты (үздіксіз) жұмысы шұғыл орындалуына байланысты болатын шұғыл және алдын ала күтпеген жұмыстарды орындау;

5) егер уақытша болмаған жұмыскерді алмастырушы қызметкердің лауазымдық міндеттеріне кірмейтін болса, қысқартылған және/немесе уақытша болмаған жүргізушілердің функцияларын өзінің негізгі жұмысынан босамай орындау;

6) оған міндеттердің кеңейтілген шеңберін, жоғары кәсіби деңгеймен және құзыреттілікпен ұштастырылған жұмыстағы жеткілікті тәжірибе (өтіл) мен дағдыларды, оларды практикада табысты қолданумен, сондай-ақ басқа да көрсеткіштерді жүктеу;

7) үстемеақылар сондай-ақ келесідей объективті мән-жайларға байланысты қызметкерді төмен ақы төленетін лауазымға (неғұрлым жеңіл жұмысқа) ауыстыру (тағайындау) кезінде белгіленуі мүмкін: осы органда еңбек міндеттерін атқаруға байланысты алынған еңбек мертігуі, кәсіптік ауруы немесе денсаулығының өзге де зақымдануы еңбекке жарамдылығын қалпына келтіргенге, не мүгедектік белгіленгенге дейін.

10. Лауазымдық айлықақыларға ынталандыру үстемеақы жүргізушілерге белгіленбейді:

1) алынбаған тәртіптік жаза болған кезде;

2) Ұйымда бір айдан кем жұмыс істегендерге;

3) сынақ мерзімінен өту кезеңіне;

4) лауазымның тиісті санатының функциялары уақытша орындалған жағдайда;

5) жұмыскерді материалдық жауапкершілікке тарту кезеңінде;

6) жұмыскердің еңбекке уақытша жарамсыздығы кезеңінде;

7) жалақысы сақталмайтын демалыс кезеңінде;

8) оқу демалысы кезеңінде;

9) жүктілікке және баланың (балалардың) туылуына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыс кезеңінде;

10) бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыс кезеңінде.

11. Ынталандыру үстемеақылары еңбекақының негізгі көрсеткіштерін, бюджет мүмкіндіктерін талдауға негізделе отырып және Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда жыл сайынғы негізде қайта қаралуы мүмкін.

12. Бюджеттік ұйымдар жүргізушілердің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын төлеуге арналған бюджет қаражаты әрбір қаржы жылында мемлекеттік ұйымды қаржыландыру жоспарында (даму жоспарында) көзделуге тиіс.

